

«G-Global: тұрақты даму мәселелері мен келешегі» – осындай атаумен G-Global «Ай тұлғасы», Еуразиялық экономикалық ғалымдар клубының бірінші вице-президенті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтановтың қатысуымен баспасөз конференциясы өтті. Баспасөз конференциясы аясында G-Global жобасын іске асыруға бағытталған шаралар бастау алды. Сонымен қатар ҚазҰУ жанынан ашылған ЮНЕСКО UNITWIN тұрақты даму бағдарламасы бойынша Орта Азиялық хабының тұсаукесері өтті.

G-GLOBAL ЖАҒАНДЫҚ АЛАҢЫНДА – ҚАЗҰУ



Баспасөз конференциясына БҰҰ-ның Қазақстандағы қоғамдық ақпарат департаментінің өкілі В. Самек, ЮНЕСКО-ның Алматы қаласындағы Кластерлік бюросының байланыс және ақпарат бөлімінің басшысы С. Карпов, Еуразиялық экономикалық ғалымдар клубының мүшесі, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры академик Т. Есполов және ҚазҰУ-дың Бірінші проректоры М. Бүркітбаев қатысты.

Шараны ашқан ректор Ғалым Мұтанұлы: «ҚР Президенті Н. Назарбаевтың бастамасымен ашылған «G-Global» мега жобасы жаһандық әлемдік мәселелерді шешу жолдарын іздестіруге қатысушылардың санын түбегейлі арттыра түсті. Олардың арасында – Нобель лауреаттары, танымал ғалымдар, бизнес-қауымдастық, қоғамдық ұйымдар өкілдері, заманауи жетекші сарапшылар бар. Қазақстан және әлемдік қоғамдастық зияткерлерінің әлеуметтік желісі алдында БҰҰ-ның әлемдік дағдарысқа қарсы шаралары мен адами өркениеттің тұрақты дамуының жаңа мақсаттарына қол жеткізуі салаларындағы күн тәртібін қалыптастыруда маңызды рөл атқару міндеті тұр» – деп атап өтті.

Сондай-ақ шараға қатысушы Властимиров Самек университет жұмысын жоғары бағалай отырып, оның G-Global жобасына тигізер ықпалына тоқталды. «Академиялық ортаның бүкіл әлем болашағына қатысты сұрақтарды кең шеңберде қызу талқылауы жоо-лық ортаның бүгінде серпінді идеялардың қозғаушысы,

идеология, ақпарат және тұрақты даму бойынша білім беру-ғылыми бағдарламаларын тарату орталығына айналып отырғандығын дәлелдей түседі» – деді ол.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Орта Азияда алғаш рет «United Nation Academic Impact» (Академиялық ықпал) бағдарламасына қосылды. Ол БҰҰ-ның адам құқы, сауаттылығы, тұрақты даму және шиеленісті шешуге байланысты әлемдік мойындалған он қағидасын қолдауға негізделген.

2014 жылы ҚазҰУ БҰҰ-ның тұрақты даму бойынша UNAI бағдарламасының жаһандық хабын басқарды. Осы жылдың наурыз айында университет ЮНЕСКО UNITWIN бағдарламасының тұрақты даму бойынша Орта Азиялық хабына айналды. ЖОО-ның жаһандық хаб ретіндегі мақсаты мен қызметі толықтай G-Global қағидаларымен үндеседі. Мықты ғылыми әлеуетке және БҰҰ қолдауына ие бола отырып ҚазҰУ әлемдік академиялық қоғамдастық өкілдерін жаһандық мәселелерді шешу үдерісіне белсенді тартуда. Университет G-Global платформасындағы тұрақты даму идеяларын алға жылжытатын ең белсенді алаңның біріне айналды. Жастарды тұрақты даму мәселелерін зерттеуге белсенді тарту үшін Колумбия университетімен бірге тұрақты даму бойынша «Global Classroom» магистрлар даярлау бағдарламасы ашылды және табысты жұмыс істеуде.

Жалғасы 3-бетте

Үндістандағы Наурыз-думан

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері Үндістанда Наурыз мерекесіне арналған концерт берді.

Наурызды мерекелеу Дели қаласындағы Қазақстан, Әзірбайжан, Ауғанстан, Иран, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстан Елшіліктерімен ұйымдастырылды. Іс-шараға Үндістан Сыртқы істер министрінің орынбасары Навтедж С. Сарна қатысты.

Делегация құрамындағы ҚазҰУ студенттерінің өнерін жиналған қауым зор қошеметпен қабылдады. «Бақыт» студенттік шоу-балетінің ат салысуымен халық әндері мен әуендері, сондай-ақ танымал қазақ авторлары мен композиторларының заманауи шығармалары орындалды. Көрермендер сонымен бірге наурыз көже және басқа да қазақтың ұлттық тағамдарынан дәм татып, ұлттық музыкалық аспаптар мен киім үлгілерімен танысу мүмкіндігіне ие болды.

Үндістанда Наурызды мерекелеу шарасы осындай жоғары деңгейде және кең ауқымда алғаш рет өткізілді.

Жалғасы 4-бетте

“СҰҢҚАР” КУБОГЫНЫҢ жеңімпаздары анықталды



Көктем! Жастық шақтың жалыны ұшқындап, жігері таситын, бойға қан жүгіріп, көңілде көтеріңкі күй шертілетін ғажайып шақ. Осынау көгілдір көктемде “Сұңқар” студенттер кәсіподағының ұйымдастыруымен көңілді тапқырлар кубогының финалдық чемпионаты өтті. Қатысушылар ұмытылмас студенттік өмірдің қиын да қызықты сәттерін әдемі әзілмен өрнектеп, тамаша кеш сыйлады.

Жалғасы 8-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

BONJOUR, KAZNU!



2-стр.

НАУРЫЗ ТОЙЫ- ЕЛДІҢ ТОЙЫ



4-бет

ӨНЕРЛІ ӨРГЕ ЖҮЗГЕН КҮН



7-бет

АҚШ ПАТЕНТТЕРІ ҚАЗҰУ-ДА

Алғаш рет әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары бериллийді алу технологиясы бойынша АҚШ-тың екі патентіне ие болды.

рет «Қазатомпром» ҰАК құрамына кіретін және өндірушілердің жоғары бағасына ие Ульбинск металлургиялық зауытындағы (ШҚО, Өскемен қ.) зертханада арнайы құрылғыда жасалған болатын. Ғалымдардың есебі бойынша жаңа технологияны өндіріске енгізу зор экономикалық нәтиже береді.

Технологияның патент иегері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры, академик Ғалым Мұтановтың басшылығымен бір топ ғалымдары болып табылады. Зерттеме авторларының бірі Х. Оспановтың пікірінше, бұл технологияның ерекшелігі – улы зиянды газдар бөлетін, көп қуат көзін қажетсінетін, сонымен қатар металды еріту кезінде қымбат отқа қарсы тұратын құралды керек ететін жоғары температуралық процестің болмауы.

Сарапшылардың ойынша, ҚазҰУ ғалымдарының технологиясы

ел ішінде және өзге елдерде де жоғары бәсекеге қабілеттілігі бар. АҚШ патентіне ие болу – бұл қазақстандық жетекші жоғары оқу орнының ғылыми-инновациялық потенциалының және әлемдік деңгейдегі жетістігінің мойындалуы. Қазіргі уақытта бірнеше өнеркәсіптік компаниялар университетке осы технологияны өндіру жайында әріптестік туралы ұсыныстарымен келуде.

Бүгінде Қазақстан әлемде бериллий өндіруде оқ бойы озық тұр. Жапония, АҚШ, Ресей, Оңтүстік Корея, Үндістан, Қытай, Еуропалық Одақ құрамына енетін елдерге тәжірибелік термоядролық реактор жобасына бериллий бар материалдарды жеткізуші әлеуетті ел болып табылады. Университеттің осы іспеттес зерттемелерінің сұранысқа ие әрі маңызды екендігі және елдің табысты индустриалды-инновациялық дамуына ықпал етері сөзсіз.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

БОЛАШАҚҚА ЖАРҚЫН ЖОЛ

Бүгінде ҚазҰУ-дың қос диплом бағдарламасы аясында студенттер елімізде ғана емес, Еуропа мемлекеттерінде де жоғары білікті маманы ретінде жұмыс істеуге жол ашатын қос диплом иегері атануда. Осындай зор мүмкіндікке қол жеткізген Экономика және бизнес жоғары мектебінің екі студенті ректорат мәжілісінде марапатталды.

«Экономика» мамандығының студенті Розлана Габдуллина мен «Қаржы» мамандығының студенті Мадина Асылбекова заманға сай сапалы білім әрі тәлімді тәрбие берген туған университеттеріне және ұстаздарына шексіз алғыстарын білдірді. Олар 2013-2014 оқу жылында Страсбург бизнес мектебінде (Франция) «Еуропа менеджменті» мамандығы бойынша оқып, Страсбург бакалавры дипломын еуропалық менеджменті бойынша алып отыр. Айта кетерлігі, Страсбург бизнес мектебінде оқытылған пәндер қолданбалы сипатта болғандықтан, аталған диплом Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге Еуропа мемлекеттерінде де жоғары білікті маман куәлігі болып табылады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН



Құрамында бериллий бар шикізатты экологиялық таза технологиямен алу жолы әлемдік тәжірибеде тұңғыш

РЕКТОРАТ

УНИВЕРСИТЕТ ҮШІН ӨЗЕКТІ

Сәуірдің алғашқы дүйсенбісінде өткен ректорат отырысы дәстүрлі шәкіртақы табыстау рәсімімен басталды. Талапты студенттерді қолдау әрі жастарды ынталандыру мақсатында жүзеге асып отырған игі істің әрбір жиында көңілдерге қуаныш, жүректерге жылулық сыйлар тамаша сәтке айналғаны рас. Бұл жолы да бірнеше кафедралар талантты жастарын қолдап, демеу білдірді. Ал күн тәртібіндегі басты сұрақтарға көшкен тұста мінбеге Мансап және бизнес орталығы директорының м.а. Ержан Сүлейменов көтерілді. Ол ҚазҰУ-дың 2014 жылғы түлектерінің жұмысқа орналасу деректерін Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық деректерімен салыстыру нәтижелері туралы сөз етті.

Ержан Тасболатұлы келтірілген деректерге сүйенсек, еліміздегі жетекші оқу орны – ҚазҰУ түлектері бүгінгі таңда жоғары сұранысқа ие. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық деректері осыны көрсетіп отыр. Ержан Сүлейменов: «Бүгінгі нәтижені алу, деректерді салыстыру мақсатында ауқымды жұмыс жүргізілді. Сондықтан бұл көрсеткіш нақты әрі шынайы болып табылады», – деп атап өтті. Бакалавр және магистратура бойынша түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін саралай келе, ол жекелеген факультеттер бойынша көрсеткіштерге де кеңінен тоқталды. Сонымен қатар Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық тарапынан біршама деректердің расталмағанын жеткізе отырып, ол мұның азаматтардың аты-жөні, ЖСН нөмірлерінің базаға дұрыс енгізілмеуінен болуы мүмкін екендігін алға тартты. Болашақта осы кемшіліктерді жою мақсатында бірқатар шаралар қабылданатынын

да айтты. «Түлектеріміздің жұмысқа орналасуы университет үшін аса өзекті. Себебі, бұл – біздің жұмысымыздың басты көрсеткіші. Осылайша біз түлектеріміздің каншалықты сұранысқа ие екендігін анықтаймыз. Түлектер оқу жылының соңында қайда жұмысқа баратынын және қандай жалақы алатынын білуі тиіс. Бұл ретте студенттермен ертерек жұмыс істеу маңызды. Бұл сұраққа қатысты әрбір факультеттің университет бағытымен үндескен жоспары болуы шарт», – деді мәселені қорытқан университет ректоры Ғалым Мұтанұлы. Бұған қоса университет басшысы түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін жыл соңына дейін жетілдіре түсуді тапсырды. Сондай-ақ мәжілісте өзге де мәселелер қаралып, оқытушы-профессорлар құрамы өз ойларын ортаға салды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

BONJOUR, KAZNU!

В КазНУ прошла встреча руководства университета с представителями Парижской Международной Школы Маркетинга (Paris Ecole Internationale de Marketing du Luxe), в ходе которой было подписано соглашение о сотрудничестве.



Ректор КазНУ академик Галым Мутанов и президент Французских Университетских Колледжей в России Марк Хальтер обсудили вопросы и обменялись мнениями по сотрудничеству в научно-образовательной сфере. Следует отметить, что начало реализации проектов по сотрудничеству было положено в прошлом году на встрече президентов Франции Ф. Олланда и Казахстана Н. Назарбаева в Астане. Открывая встречу, ректор КазНУ отметил, что университет имеет прочные связи с университетами Франции. «Расширяя взаимовыгодное академическое сотрудничество, мы подписываем соглашение с Парижской Международной Школой Маркетинга и выводим партнерство с французскими вузами на более высокий уровень. Уверен, что совместная работа пойдет на благо наших университетов и стран», – сказал Галым Мутанов.

Французская сторона, в свою очередь, поблагодарила руководство казахстанского вуза за теплый прием и выразила готовность к плодотворному сотрудничеству. «Наше учебное заведение работает над тем, чтобы студенты получали не только теоретические знания, но и проходили практику в ведущих компаниях Франции. Мы с радостью примем студентов КазНУ и предоставим им возможность пройти обучение и стажировку в Париже», – отметил французский гость. Соглашением предусмотрена подготовка магистрантов по образовательной программе «Менеджмент люксовых товаров (изделий) и ландшафтного дизайна» в рамках реализации программы дублированного образования «Маркетинг в сфере люкс».

Соб. корр.

Жалғасы. Басы 1-бетте

G-GLOBAL ЖАҒАНДЫҚ АЛАҢЫНДА – ҚАЗҰУ



БҰҰ жаһандық хабы ретінде ҚазҰУ VII Астана экономикалық форумы аясында «Еуразиялық алуантүрлілік және тұрақты дамудағы университеттер рөлі» атты III Азия университеттері ректорларының форумын ұйымдастырды. Онда 40 елдің

өкілдері университет дайындаған «Тұрақты даму бойынша модельдік жоспарды» талқылап, қабылдады. Сондай-ақ ҚазҰУ базасында «Тұрақты адами дамудың жана парадигмасы: G-Global – жаһандық диалог алаңы» бүкіләлемдік конференциясы

өтті. ҚазҰУ-мен бірге Бүкіләлемдік өнер және ғылым академиясы, Бүкіләлемдік университеттер консорциумы, Мадрид клубы, Рим клубы және тағы басқа ірі әрі ықпалды халықаралық ұйымдар ұйымдастырушылар болып табылды. Сондай-ақ университетте «ҚазҰУ-G-Global» ресурстық орталығы құрылғанын және оның ықпал етуімен форумның виртуалды алаңында 5 мыңнан астам студенттер, магистранттар, докторанттар мен оқытушылар тіркелгенін атап өтуге тиіспіз. G-Global сайтында ҚазҰУ ғалымдарының әлемдік даму трендіне арналған 2 мыңнан астам жарияланымдары орналастырылған.

«Ай тұлғасы» жобасына қатысудағы ҚазҰУ-дың басты мақсаты түрлі елдердің ғылыми-білім беру қоғамдастығы әлеуетін жемісті ынтымақтастық орнату, әлеуметтік-экономикалық, геосаяси, мәдени, демографиялық және тағы басқа сұрақтар бойынша пікір мен тәжірибе алмасу үшін G-Global платформасында біріктіру болып табылады.

Жоба аясында университет ғалымдарының ат салысуымен үш

тақырыптық видео мен 15 онлайн конференция жоспарланып, жүзеге асуда. Олар Елбасы ұсынған негізгі тақырыптар – тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ету, ядрозсыз әлем құру, жаһандық қауіпсіздікті нығайту, мәдениеттер мен өркениеттер диалогын кеңейту, жаһандық энерго-экологиялық даму концепциясы мен «Жасыл көпір» бастамасын жүзеге асыруға арналып отыр. Сондай-ақ шараларға жетекші шетелдік әріптес университеттер, халықаралық ұйымдар өкілдері, белгілі сарапшылар мен мамандар қатысуда. Бұл G-Global коммуникативті алаңының әлемдік қоғамдастыққа шынайы қажеттігін көрсетеді және оны жүзеге асыруға ықпал етеді.

Жұмыс нәтижесі және шараларды жүзеге асыру қорытындысы бір айдан соң баспасөз конференциясында қорытындыланады. G-Global платформасындағы әлемдік қоғамдастық ұсыныстары ағымдағы жылдың мамыр айында өтетін Астана экономикалық форумында талқылауға жіберіледі.

БАСПАСӨЗ ҚИЗМЕТІ

Сегодня мир нуждается в ускорении интеграционных процессов для преодоления барьеров, противоречий и вызовов экономического, экологического, геополитического, ресурсного, энергетического характера. Взаимозависимость политических, финансовых и экономических систем привела к тому, что локальные проблемы и действия любой страны, независимо от ее размеров, имеют большое значение для глобальной безопасности. Для преодоления этих вызовов необходимы глубокие качественные изменения в самой парадигме развития мира.

УСТОЙЧИВОЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ

Новая парадигма глобального устойчивого развития предполагает инклюзивный и справедливый экономический рост, создание более широких возможностей повышения базовых стандартов жизни для всех, сокращение неравенства и поощрение социальной справедливости, повышение устойчивости экосистем перед лицом новых вызовов. Главы государств и правительств выражают приверженность созиданию экономически, социально и экологически устойчивого будущего для нашей планеты, нынешнего и будущего поколений людей.

В Казахстане предпринимаются активные меры по ускоренному переводу страны на принципы и финансовые механизмы устойчивого развития. При этом максимально учитывается опыт авторитетных международных организаций и развитых стран по переходу к «устойчивому развитию». В то же время очевидно и то, что переход на принципы «устойчивого развития» – это недешевое удовольствие, он требует больших инвестиций, причем не столько

государственных, сколько частных инвестиций. Поэтому в стране необходимо развивать рынок и инновационные финансовые механизмы и инструменты для того, чтобы эти инвестиции широким потоком пошли в «зеленые» сектора.

Международная он-лайн видео конференция «Новая парадигма экономического роста», проведенная Высшей школой экономики и бизнеса на коммуникативной площадке G-Global имела широкую географию участников со всего мира. В ней приняли участие ученые из университетов Казахстана, США, Европы и другие. Они обсудили такие темы, как: «Современная экономическая концепция и экономический рост», «Финансовые ресурсы обеспечения и новый экономический механизм зеленой экономики», «Инновационные финансовые инструменты зеленой экономики», «Ключевые проблемы устойчивого экономического развития», «Роль человеческого капитала в устойчивом экономическом развитии».

Ж.Б. КАЗБЕКОВА,
заместитель декана ВШЭиБ

На связи - Нью-Йорк

Персона месяца проекта «G-Global» – ректор КазНУ Г.Мутанов провел онлайн видео-конференцию с представителями ООН в Нью-Йорке (США). Конференция прошла в рамках коммуникативной площадки «G-Global».

В мероприятии также приняли участие представитель департамента общественной информации ООН в РК В. Самек, глава отдела коммуникаций и информации Кластерного бюро ЮНЕСКО в г.Алматы С. Карпов, профессор Колумбийского университета (США) Р.Абазов, Первый проректор КазНУ М.Буркитбаев, по прямой видеосвязи из Нью-Йорка представители ООН Р.Дамодаран и К.Кало.

Видео конференцию открыл ректор КазНУ Галым Мутанов: «Новый формат международного диалога G-Global был инициирован Нурсултаном Назарбаевым для объединения интеллектуального потенциала в деле создания справедливого, безопасного и устойчивого мира. Коллектив КазНУ в рамках этого проекта готов внести свой вклад, идеи и разработки для решения глобальных проблем. Мы готовы к сотрудничеству, обмену опытом и мнениями с международными организациями и мировыми университетами».

Сергей Карпов как непосредственный участник совместных проектов КазНУ и ЮНЕСКО высказал свое мнение по обсуждаемой теме. «Когда мировая экономика не стабильна, ухудшается экологическая обстановка и возникают вооруженные конфликты, тема устойчивого развития мира

для нас представляет особую важность. Такие проекты, как «G-Global», предлагают идеи и пути решения этих глобальных проблем», – сказал он.

В своем выступлении Рафиз Абазов отметил, что с академической точки зрения «G-Global» окажет сильное влияние на развитие КазНУ и участвующих в проекте университетов. «Данная площадка поможет объединить и воплотить в жизнь идеи ученых, профессоров и студентов со всего мира. Я думаю, что потенциал КазНУ огромен, и вузу по силам приниматься за большие задачи по решению глобальных проблем», – подчеркнул профессор.

На прямой связи из Нью-Йорка руководитель Программы ООН «Академическое влияние» Раму Дамодаран дал высокую оценку работе деятельности КазНУ в рамках программ ООН. «КазНУ со своей активной позицией и участием в программах ЮНЕСКО и ООН, стал примером для университетов многих стран. КазНУ помогает активно вовлекать мировое академическое сообщество в процесс поиска решений мировых проблем. Площадка «G-Global» – это уникальный проект, и я рад, что Галым Мутанов стал персоной месяца этого проекта», – отметил ученый.

Руستم АБРАЕВ

Жасыл экономикадағы ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМ

Осындай атаумен 1 сәуір күні G-Global «Ай тұлғасы» жобасы аясында ҚазҰУ-дың рекреациялық география және туризм кафедрасының ұйымдастыруымен видеоконференция өтті. Конференцияға ЖОО-ның, ғылыми-зерттеу институттарының, қоғамдық туристік ұйымдардың өкілдері мен өзге де қызығушылық танытқан ұйымдар катысты.

Қатысушылар ұлттық және аймақтық деңгейде аумақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін экологиялық туризм құралдарын тиімді пайдалану мәселелерін,

отандық және шетел тәжірибелерін, халықтың экологиялық білімі мен ағарту мәселелерін, жергілікті халықтың «жасыл туризм» мен «жасыл экономикаға» деген қызығушылығын да кенінен талқылады. Online конференция барысында өзге аймақтардан қатысушылар өз пікірлерімен бөлісіп, аталған тақырып бойынша келесі сессияларда G-Global платформасында талқылау үшін бірнеше өзекті мәселелерді де ұсынды.

РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТУРИЗМ КАФЕДРАСЫ

Республикалық ЖОО студенттері арасында өткен олимпиадада химия және химиялық технология факультетінің студенттері 1-орынды жеңіп алды

Жалғасы. Басы 1-бетте

Үндістандағы Наурыз-думан



Сонымен қатар Үндістанға сапар шеңберінде ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов қазіргі уақытта әлем бойынша жылына 100 млн оқырманы бар бүкіләлемдік «Британика» энциклопедиясының Азиялық бөлімі өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында Қазақстанның тарихы және қазіргі кезеңдегі дамуы туралы энциклопедияның контентін сарапшы

кенесін құру арқылы толықтыру бойынша ҚазҰУ-ға айрықша құқық беру жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді. Аталмыш келісімге энциклопедия өкілдерінің келесі айда Қазақстанға сапары барысында қол қою жоспарлануда.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН



Бұған қоса, сапар барысында Үндістандағы Қазақстан Елшісі Болат Сәрсенбаев және ректор Ғалым Мұтанов бастаған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің делегациясы Ұлыбритания, БАӘ, АҚШ, Сингапур және т.б. әлемнің көптеген мемлекеттерінде филиалдары бар Үндістанның ірі ЖОО-

ларының бірі – «Амити» университетіне барды. Кездесуде екі университет арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Сонымен бірге ҚазҰУ студенттері «Амити» университетінің студенттік және профессорлық-оқытушы құрамына арнап мерекелік концерт ұйымдастырды

Манипури В КазНУ

В КазНУ прошел концерт индийской национальной музыки и танцев «Манипури». Мероприятие было организовано Посольством Индии в Казахстане, КазНУ им. аль-Фараби и Международной Летней Школой в Нью-Дели.

Концерт, где собрались профессорско-преподавательский состав, студенты университета и другие гости, открыли ректор КазНУ Ғалым Мұтанов и Чрезвычайный и Полномочный Посол Индии в Казахстане Харш Кумар Джайн.

«Сегодня вы увидите концерт национальных танцев и песен из штата Манипур. Он проходит в рамках фестиваля индийской культуры в Казахстане, который продолжится и в других городах страны. Хотелось бы выразить особую благодарность коллективу КазНУ и его руководителю академику Ғалыму Мұтанову за помощь в организации этого культурного мероприятия», – сказал индийский дипломат.

Ректор КазНУ выступая с приветственной речью, отметил: «КазНУ активно развивает сотрудничество с вузами Индии. Согласно одному из совместных проектов на базе факультета востоковедения КазНУ планируется открыть Центр Махатма Ганди. Он будет

изучать индийскую культуру и традиции». На концерте выступили танцоры, певцы и акробаты из Национальной академии Манипури. Они представили собравшейся публике народную и классическую музыку, танцы в симбиозе с боевыми искусствами и акробатикой. Публика восторженно встретила красочные выступления артистов бурными аплодисментами.

Совсем недавно, в марте месяце, делегация КазНУ во главе с ректором Ғ.Мұтановым, посетила г.Дели. В ходе визита были подписаны соглашения о сотрудничестве в научно-образовательной сфере с крупными университетами Индии – Дели, Амити, Индийским институтом технологий. Кроме того, студенты КазНУ при поддержке Посольства РК в Индии дали концерты, посвященные празднику Наурыз в г.Дели и в университете Амити.

Рустем АБРАЕВ



ҚазҰУ студенттерінің жастар алаңында Ұлыстың ұлы күнін ұлықтаған «Армысың, Әз-Наурыз!» атты қалашықтың наурыз мейрамы тойланды.

НАУРЫЗ ТОЙЫ – ЕЛДІҢ ТОЙЫ

Студенттер қалашығының директоры Ә.Ә. Сейтжановтың бастамасымен өткен мерекелік іс-шара көтеріңкі көңіл-күймен басталды. Бұл күні барша жан қуанып, бір-біріне ізгі тілек білдіріп, жыл басы – Наурызды зор қошеметпен қарсы алып арқа-жарқа күйге енді. Ұстаздар қауымы ұлттық нақыштағы киім киіп, мерекенің сәні мен мәнін арттыра түсті. ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Мырзабайұлы жиналған қауымды Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, әрбір шаңыраққа жақсылық, ынтымақ, береке-бірлік пен амандық-саулық тіледі.

Бұл күні ақшаңқан киіз үйлер қаз-қатар тігіліп, алтыбақан құрылды. 21 ауыл сайысқа түсіп, «Қыз ұзату», «Беташар», «Бесікке салу», «Тұсаукесер», «Құда күту» сынды ұлттық салт-дәстүрлерден тамаша тарту көрсетіліп, көпшіліктің бір серпіліп қалғаны рас. Мерекеге орай шырқалған ән мен ойналған күй шуақты көктемнің әдемі көрінісін бергендей әсер қалдырды.

Ұлан-асыр той жасап, дастарқан жайған ҚазҰУ қалашығының тұрғындарын Әбдіқаһар Әнуарұлы: «Дәстүр бойынша Наурыз мейрамын жастар алаңында осымен төртінші рет өткізіп отырмыз. Осыған дейін дәл осы күні жерде қар жатты, нөсерлеп жанбыр мен бұршақ жауды. Соған қарамастан Наурыз мерекесін бір кісідей өз деңгейінде өткізу үшін ат салысқан ұстаздар мен студенттерге, қызметкерлерге алғысым шексіз. Пейілі дархан, жүрегі таза, дана халқымыздың қонақжайлылығын тағы бір ерекше атап өткім келеді», – деп ағынан жарыла құттықтап, елдің тыныштығы мен халықтың ырыс-

ынтымаққа кенелуін тіледі. Сонымен қатар қалалық мешіттің имамы жиылған жамағатқа ақ батасын жаудырса, ұстаздар қауымы дәстүрлі мерекеміз жыл сайын өз жалғасын тауып, дастарқанымыз тек қана жақсылық пен қуанышқа жайылсын деген әдемі тілектерін білдірді.

Сондай-ақ алаңда қол күресі, арқан тарту, кір тасын көтеру, асық ату сынды спорттық ойын үлгілері ойналды. Кеш соңына қарай салт-дәстүрді берік ұстанған кітапхана ұжымының құдалар ауылы I-орынды жеңіп алды. Ал, «Ең үздік дастарқан мәзірі» аталымы бойынша Алматы ауылы – биология және биотехнология факультеті, «Ең дәмді наурыз көже» аталымы бойынша №5 және №17 студенттік үйлері, «Ең дәмді палау» аталымы бойынша заң факультетінің оқу ғимараты, «Ең үздік тәтті-дәмділер» аталымы бойынша механика және математика факультеті, «Ең дәмді қымыз» аталымы бойынша №15 студенттер үйі мен философия және саясаттану факультеті марапатталды.

«Ынтымақты елде ырыс тұрар» демекші мерекелік іс-шараға ҚазҰУ қалашығының оқытушылары мен қызметкерлері, студенттері мен тұрғындары түгел қатысып, ауызбіршіліктің үлгісін көрсете білді. Осы орайда, Наурыз – әлем халықтары арасындағы ең ежелгі жанару мерекесі. Жасампаздықтың бастауы болған Ұлыстың ұлы күні ақ ниет пен ізгі тілек тілеп, еліміздің тыныштығы мен бірлігін сақтау жолында еңбек етіп жүрген талай жандардың армандары орындала берсін дейміз!

Жұлдыз ӘБІЛ

В КазНУ подписан меморандум о сотрудничестве КазНУ с НИАЦ по вопросам религии

Мерейлі жасқа толған профессор Элеонора Дүйсенқызы Сүлейменованың әрі ғалымдық, әрі ұстаздық болмысы біз білетін қазақстандық лингвист ғалымдардан өзгеше екенін ғылыми орта біледі және мойындайды.

Фибратты өмір беттерінен...

(АҚШ) «Russian Language Journal», Гранададағы (Испания) «Cuadernos de rusística española», Мәскеудегі «Русский язык за рубежом» және «Филологические науки» атты халықаралық журналдардың редакциялық кеңес мүшесі болып жүргеніне де он шақты жылдың жүзі болды. Әдетте ғылыми жұмыстарға сарапшы болатындар үлкен тандаумен өтетіні белгілі. Бұл ретте өзінің кәсіби біліктілігін шетелде таныта білген, дәлелдей білген Элеонора Дүйсенқызына шетелдік әріптестері үлкен жауапты міндет жүктеген.

INTAS - Брюссельдегі (Бельгия) Кеңестік кезеңнен кейін пайда болған жаңа тәуелсіз мемлекеттердің ғылымын дамыту үшін және ғалымдарымен бірлесе жұмыс істеу үшін құрылған халықаралық ассоциация. Мұнда түрлі саладағы ғылыми жетістіктері жоғары Финляндия, Франция, Италия, Нидерланд т.б. мемлекеттермен қоса тәуелсіз Қазақстан да бар. Осы ұйымға Э.Д. Сүлейменова мүше және Ғылыми кеңесте де (INTAS Scientists) мүшелік қызметін атқарады. Жай ғана мүше емес, ұйымға келіп түскен халықаралық жобаларға сарапшылық жасайды. 2009 жылдан бері Гарвард университетінде (Англия) «Central Eurasian Studies World Wide» ұйымында халықаралық жарияланымдарға сарапшы. Әрине, бұл – әріптестері үшін айтуға, мақтануға тұрарлық үлкен жетістік.

Осы санамаланған ғылыми-қоғамдық жүктемелерді абыроймен әрі асқан біліктілікпен орындауы – профессор Элеонора Дүйсенқызының жеке болмысына тән ерекше жігері мен намысы қайрап отыратын қайсарлығы. Білім болғанымен әркімге біліктілік жетісе бермейді. Көп істің нәтижесін бұл кісі алдын ала болжап, үлкен мақсат қойып, оны шешу жолдарын да елден бұрын жоспарлап қояды. Оның мұндай қасиеттеріне ұжым арасындағы әріптестерінің бірнеше ер адамның істейтін жұмысын нәзік әйел ғалым Элеонора Дүйсенқызы жалғыз өзі-ақ тындырып жүре беретінін айтып танданатындары жасырын емес. Әсіресе, 1995-2009ж.ж. – жалпы тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, 1998-2000ж.ж. – филология факультетінің деканы болып қызмет еткен жылдарында осы айтып отырған ойымыз растала түсті.



Ресей мен шетел лингвистерінің ортасынан ойып орын алатын қазақ ғалымының ғылыми әлеуеті қазіргі тіл білімінің даму үрдісінде өзіндік зерттеу нысанын қалыптастырғандығын көрсетеді. Профессор Э.Д. Сүлейменованың әр жылдарғы жарияланымдарына назар аударсақ, 300-ден астам ғылыми еңбектері отандық және шетелдік басылымдарда қазақ, орыс, ағылшын және жапон т.б. тілдерде жарық көрген. Солардың ішінде 13 монография; 6 сөздік пен анықтамалық; Қазақ тілінің 16 оқулығы; Орыс тілінің 12 оқулығы мен оқу құралы; ЖОО-ға арналған 7 оқулығы мен оқу құралы; сондай-ақ, көптеген ғылыми мақалалары Будапешт, Регенсбург, Рим, Хельсинки, Лондон, Лиенап, Ювяскюль, Вашингтон, Эдинбург, Анкара, Брюссель, Левен, Братислава, София, Люблин, Токио-Цукуба, Варна, Санкт-Петербург, Мәскеу, Киев, Пекин, Шанхай, Лимерик, Салоники, Гранада, Белград, Гиссен, Варшава т.б. жерлерде

жарияланған. Біздің еліміздегі үш тұғырлы тіл саясатының жағымды көрінісіне профессор Э.Д. Сүлейменованың еңбектері дәлел. Қазақ-орыс-ағылшын тілін жетік білетін ғалым еңбектерінің көп жерде танымал болуының себебі бар. Ол орыс тілі мен әдебиетін оқытудың халықаралық ассоциациясының (МАПРЯЛ) мүшесі және Қазақстандағы ұйымын басқарады.

Ғалымның ғылыми білікті мамандарды дайындау мен жетекшілік етуі де өте нәтижелі деуге болады. Профессор Э.Д. Сүлейменова 19 ғылым докторын, филология ғылымдарының 40 кандидатын және 7 доктор PhD дайындап, қорғатты. Олардың ішінде У. Риверс деген бір АҚШ азаматы да бар.

Профессор Элеонора Дүйсенқызының тіл біліміндегі өлшеусіз еңбегі қай кезде болса да өзектілігімен құнды. Сондай-ақ, оның лингвистиканың теориялық және қолданбалы зерттеулеріндегі өзіндік ғылыми тұжырымдары мен нәтижелері ғылыми ортада жоғары бағаға ие. Демек, қазақстандық лингвистиканың қазіргі көшбасшысы болуға әбден лайық тұлға. Бұл арада қазіргі деп астын сыза айтуымыздың да себебі бар. Қазір ХХІ ғасырдың 15-ші жылы. Қазақстан тіл білімінің бүгінге дейінгі корифейлері туралы әңгіме басқа. Олар туралы айтылып та, жазылып та жүр. Біз кешегі емес, бүгінгі сапалық көрсеткіштерді сараптағмыз келеді. Өйткені қазіргі технологиялық мәдениеттің өзгермелі сатыларында лингвист ғалымдардың көтерген жүгі мен арқалаған міндеттері олардың заманауи білім қорына байланысты. Міне, осындай талап деңгейінен көрінетін профессор Э.Д. Сүлейменова қазіргі тілші ғалымдар легін бастап келеді.

Әріптестерінің, оның ішінде біразы өзінің осыдан 40 жыл бұрын дәріс оқыған шәкірттерінің биік құрметі мен шын ниет сөздері Өзіңізге арналады!

Мерейтойыңыз құтты болсын, профессор Элеонора Дүйсенқызы!

Гүлдархан СМАҒҰЛОВА,
қазақ тіл білімі кафедрасының
профессоры, ф.ғ.д.

Педагог, настабник и коллега

Я ОЧЕНЬ РАДА, ЧТО У МЕНЯ ЕСТЬ ВОЗМОЖНОСТЬ ПОЗДРАВИТЬ УВАЖАЕМУЮ ЛЯЗИЗУ ШАЛТАЕВНУ С 60-ЛЕТНИМ ЮБИЛЕЕМ. РАДА ПОТОМУ, ЧТО МНЕ ПОСЧАСТЛИВИЛОСЬ ПОЗНАКОМИТЬСЯ С ТАКИМ УДИВИТЕЛЬНЫМ ЧЕЛОВЕКОМ КАК ОНА.



работа. То , что при всех ее заслугах и достижениях, она общается с людьми просто, с каким добрым и серьезным вниманием ее слушают студенты и магистранты. Удивляет, с какой веселой энергией она живет и творит...

Я не преувеличу, если скажу, что знакомство с профессором Л.Ш. Берсугуровой – это важная часть моей биографии. Личное общение с ней для меня стало своеобразным капиталом, ценность которого в полной мере становится ясна постепенно, с годами.

Лязиза Берсугурова родилась 13 апреля 1955 года – доктор юридических наук, профессор, специалист в области уголовно-процессуального права. Выпускница юридического факультета КазГУ им. Кирова 1977 года. Во время обучения была ленинским стипендиатом.

После окончания юридического факультета Л.Ш. Берсугурова работала на кафедре ассистентом, старшим преподавателем кафедры уголовного процесса (1977-1994); заведующей кафедрой уголовного процесса (1994-1997); впоследствии – кафедра

процессуального права, кафедры уголовного процесса КазГЮИ (КазГЮУ); с 1997 года по 2001 год – в Высшей школе права «Әділет» заведующей кафедрой уголовного права и уголовного процесса, затем уголовного права, уголовного процесса и криминалистики (2001-2006); с сентября 2001 года по совместительству – доцентом на кафедре судебной власти и уголовного процесса в КазНУ им. аль-Фараби; с октября 2007 года исполняла обязанности заведующего кафедрой судебной власти и уголовного процесса университета. С 2011 года работает профессором на кафедре уголовного права, уголовного процесса и криминалистики.

За это время Лязиза Шалтаевна защитила кандидатскую и докторскую диссертации. В 2009-2010 г.г. исполняла обязанности советника председателя Верховного Суда РК. Была официальным оппонентом кандидатских и докторских диссертаций. Под ее руководством защищен ряд кандидатских диссертаций. Была членом редколлегии журнала «Право и государство» (1997-1998) и членом редсовета журнала «Правовая реформа в Казахстане» (1999-2002). Имеет более ста опубликованных научных, научно-методических работ, в том числе научно-практические

и учебные пособия. За свои заслуги Л.Ш. Берсугурова награждена Почетной грамотой Республики Казахстан, юбилейной медалью «10 лет Конституции Республики Казахстан», нагрудным знаком «За заслуги в развитии науки Республики Казахстан».

Л.Ш. Берсугурова активно участвует в общественной жизни факультета, ведет активную научную работу, выступает на международных научных и научно-практических конференциях. Но, больше всего меня в ней поражает то, что профессор Лязиза Шалтаевна при всей интенсивности ее научной жизнедеятельности, уделяет внимание каждому человеку, будь то ее сотрудник, коллега или просто пока никак не проявивший себя студент.

С каждым годом человек становится мудрее. Я хочу пожелать, чтобы Лязиза Шалтаевна еще долгие годы передавала свою мудрость ученикам, вдохновляя их своим примером. Я желаю ей долгих лет жизни, крепкого здоровья, успехов и благополучия в семье!


А.Б. ШАРИПОВА,
к.ю.н., доцент кафедры
уголовного права,
уголовного процесса
и криминалистики

ҚазҰУ студенті В. Хмелевская «Бірлік» атты ұлттар арасындағы өн байқауында жеңімпаз атанды



ӨМІРДІҢ ӨЗІ-

«БІР ӨКІНІШ, БІР ҮМІТ»



Басты кейіпкер Шеген – жазушы. Оның кезекті бір шығармасы Жазушылар одағының трибунасынан қатты сыналады. Мойып шыққан Шеген енді ойына өткен кеткендерді, тіпті тұтас ғұмырын біртіндеп елестете береді, өзі жақсы білетін, қанына сіңген оқиғаны жазуға бекінеді. Роман оқиғасы осылай басталады. Шеген мен ол тұрғыластардың балалық тағдыры опонай, молшылық дәурен болмағаны баршаға аян. Әкесі соғыста оққа ұшып, туған анасы жесір қалған Шегеннің атасы мен әжесінің тәрбиесінде өсуі, әртүрлі қабақ пен ықпал көруі, сол қоршаған орта, сыртқы әсерлердің өсіп келе жатқан балаға ықпалы оқырманды бей-жай қалдырмайды. Жазушы бас кейіпкерін әртүрлі ортада, әртүрлі жандармен қақтығыста, мінездерін, іс-қаракеттерін ықпал-әсерін тигізе отырып, диалектикалық өсу, даму заңдылығына сай, оның балалық шағынан бастап жігіт ағасы болғанға дейінгі өскен орта

шындығын оқырман қауымға шұрайлы тілмен көркем баяндаған. Шегеннің өсіп жетілуі, жалғыздан қалған жалқы тұяқты қиын-қыстау кезеңде өздеріне тірек еткен ата-әже үміті, жастай жар қызығынан ажыраған анасы Жәмиханның тіршілік, бақыт үшін күресі, Шегеннің өмірге, әсемдікке, сұлулыққа, жақсылыққа құштарлығы, оның алғашқы кіршіксіз махаббаты, тұңғыш махаббатының сәтсіздікке ұшырауы, ер азаматтың адалдығы, пәктікті аялай білуі, оның отбасы бақыты, отбасы тұтқасы, отбасының негізгі тірегі екенін, жаңуы алдындағы азаматтық парызын сезінуі – бәрі шығарманың өн бойына арқау болып өрліген.

Романда ер-азаматты қадір тұтып ардақтау, оның бағасын білу үлгісі әже бейнесі арқылы сомдалған. Ал балаға деген қамқорлық, ізгі мақсат, ұрпаққа деген үміт пен жақсылық тілек ата бейнесі арқылы жинақталған...

Жалғыздың көзі ретінде жаралы жанына жас сәбиді сүйеніш ету, медеу тұту түгелімен сенімді түрде көз алдыңыздан өтіп отырады.

"Бір өкініш, бір үміт" романы, сырт қарағанда, Шегеннің бастан өткерген хикаяларын, Мәмет шалдың қасиетті қара шаңырағының шашылып барып түзеліп кеткенін кеңінен суреттеген туынды секілді көрінуі мүмкін. Ал негізінде роман – бүкіл бір ауылдың, бүкіл бір өңірдің соғыстан соңғы жылдардағы тіршілік-тынысын, кескін-келбетін, табиғи өзгерісін мол қамтыған шығарма. Осы орайда бас кейіпкер Шегеннің өмір тарихын бес-алты кезеге бөліп қарастыруға болады. Алғашында әралуан сипатта көзге түскен бала Шегеннің сонында саналы, білімді жігіт ағасы болып қалыптаса бастаған баянды дәуірі суреттеледі. Оның балалық шағы сипатталған беттерден ер-азаматтары соғыс құрбаны болып, жадау күн кешкен ауылдың кейіпі елестесе, бастауыш мектепте оқып жүрген балаң кездерінен бір-бір азаматтың артында қалған бір-бір жетімектің амандығын тілеп, соларды мәпелеп өсіріп жеткізсек деп алданыш еткен арлы, аяулы ауылдың арман-мүддесі қоса-қабат көрінеді.

Туындыда Бексұлтан Нұржекеұлы еңбеккер, қарапайым жаны жақсылыққа ұмтылған, өзінің бойындағы бар жігер-қайратын адам тәрбиесі, адамзат игілігіне арнаған жаны жайсаң, ізгі ниетті замандас бейнесін үздік сомдаған. Романда соғыс жайлы бір ауыз сөз айтылмайды. Бірақ солай бола тұра, оқырман шығармадан сол сұрапыл соғыстың суық ызғарын жан-тәнімен жақсы сезіп отырады. Ал Шегеннің онжылдық мектепте, одан кейін университетте оқып жүрген жылдары қамтылатын тарауларда әл-қуаты артқан ауылдың кейінгі дүбірлі шағы бейнеленсе, жоғары оқу орнын бітіріп, қызметке араласатын тұсында тамырын терең жіберген алып бәйтерек сынды мығым отырған іргелі елдің қазіргі кесек тұлғасы, ірі жаратылыс-болмысы, ұлы қозғалысы танылады.

Бексұлтан Нұржекеұлы Шегеннің жан драмасын айшықты аша отырып, оны қат-қабат қалыңдығы үстінде, әсіресе ой қалыңдығы үстінде, сынап, шындайды. Шеген бейнесінің бұлай жасалуы романның басқа да кейіпкерлерінің сәтті шығуына үлкен септік еткен. Мұны романдағы қимыл-қаракеттерімен, мінездерімен ерекшеленетін Мәмет ақсақалдың, Бәтжан ананың, Жәмихан

мен Сәлима сияқты келіншектердің, әпкесі Кәмештің, тағдыр, талайы талқыға түсіп, үйде келе, түзде де жұрт назарынан өмірі қалыс қалып көрмеген, жаны жарқын және таза сезімнің адамы Бүбіштің, елге жасаған түйедей жақсылығы көзге көрінбей, түймедей пендешілігі кейде қасқыр тартқандай дүркіреп ала жөнелетін Боташтың, ішінде әлем-жәлем боп ұйтқып дауыл соғып тұрса да, онысын былайғы жұртқа сездіре қоймайтын момын Қабидың жаратылыс-бітімі мен тұлғаларынан айқын көреміз.

Соғыстың түтеп тұрған шағында қолдарынан тірі аттандырған боздақтарын жұрт елге аман оралады деп күткен болса, соғыс аяқталғасын бұл үміт біртіндеп күдер үздіре берген еді. Міне, осы жалпыға белгілі шындықты Бексұлтан Нұржекеұлы тіпті тебіреніте, мөлдірете жайып салғанда, бір мезет сонау артта қалған мұнды мұнар уақытпен қайта беттескендей күрсініп қаласын. Тегінде, Бексұлтан Нұржекеұлы романының оқырманына тартымды болып, ұнайтыны да оның жалқының тағдырынан жалпының тағдырына ойысуынан, баршаның басында бар ортақ арман, мүддені орынды қозғауынан шығар. Әкесіз болса да әке әруағын, әке ерлігін, ата дәстүрін мақтан етіп, үлгі тұта өсіп келе жатқан Шеген бейнесі үлкенді де, кішіні де тебіренітпей мүмкін емес. Себебі Шеген – соғыс тауқыметін көрген ұрпақ өкілі. Соғысқа өздері қатысып, қан төкпегенімен, оның барлық ауыртпалығын, қайғы-қасіретін жан-тәнімен сезінген, зардап шеккен ұрпақ өкілі. Шеген образының бізге әрі жақын, әрі қымбат болар себебі – оның күресі, бүкіл бір дәуірдің ұланының еңбегі, бүкіл тұрмыс-тіршілігі тағдырына айна-қатесіз ұқсастығында.

Қорыта айттарымыз, Бексұлтан Нұржекеұлының "Бір өкініш, бір үміт" романы оқырмандарын терең толғанып, тебіренетін, әрбір оқырманның жүрегіне жылы леп құятын, терең ойландыратын құнды шығарма, азаматтық тағдырлар мен махаббат тағдырларының көркем картинасын жасаған, уақыт тынысын таныта білген қазіргі қазақ әдебиетіндегі сәтті романдардың бірі.

Болат ӘБЕНОВ,
ақпараттық жүйелер кафедрасының аға оқытушысы

Мені толғантқан роман

Механика-математика факультетінде ұйымдастырылған студенттер мен оқытушы-профессорлардың белгілі жазушы Бексұлтан Нұржекеұлымен кездесуінен алған әсерлерімнен кейін оның "Бір өкініш, бір үміт" атты романын екі қайтара оқып шықтым. Шығарма өте ұнады және жаратылыстану факультетінің студенті бола тұра, көркем әдебиетке біржолата бет бұруыма бірден-бір себепші болды. Тіпті, кітапты бүкіл отбасымызбен оқитын болдық.

Қашанда шығарма кейіпкерлері екі топқа бөлінеді ғой. Бұл кітаптағы менің жағымды кейіпкерлерім көп-ақ. Әсіресе – Шеген. Шегеннің жасында қарапайым болғаны, өз келе ақыл-парасаты сомдалып, өмірдегі өзе жолын – жазушылық жолын – тапқанына шын қуандым. Шегеннің ата-әжесін тастамай, шешесі Жәмиханмен бірге басқа босағаға кетпегені дұрыс көрінді маған. Бәрібір роман сонында қайта табысты, ата-әжесін де, Жәмиханды да риза етті.

Апасы Бәтжан қандай жанашыр, ақылды адам. Шегенді Жәмиханнан емес, апасынан туған дерсін. Жәмиханды да, Шегеннің анасы болғандықтан, жағымсыз дей алмаймын. Оны жұрт, әсіресе, Кәмеш-тәте, жағымсыз көрсеткісі келеді. Жәмиханның да өзіне тән адамгершілігі бар деп ойлаймын. Отарға шықпай тұрып, ата-енесін ренжітпеген сияқты. Шегеннің анасы туралы повесть жазу да – Жәмиханның өте ұнамсыз болмағанын білдіретіні анық. Жалпы, адамның туа біте және әрқашан жаман болуы мүмкін емес.

Ал романдағы баяндау аз көлем алса да, Райбек ағайдың іс-әрекеті адам сүйсінерлік. Рахмет, рахмет Райбек ағайға! Шегенге жасаған жақсылығы үшін.

Романдағы Шегеннің ата-апасы, Шәзия, Жағда, Мәдеш, Қорлан-Сара өз бейнелерімен көңілге аса қонымды шыққан. Шығарма кейіпкерлері – Бүбіш, Кәмеш-тәте, Жәмихандардың ұнамды қылықтарымен қоса ұнамсыз қылықтары да кездеседі. Кәмеш-тәте, көп жағдайда, ойламай сөйлегені үшін жағымсыз көрінеді. Шегендерге қылған іс-әрекетін қалайша Зейнегге істемей, бауырына басты екен? Қатыгез болғанымен, балаға деген аналық жүрегі ыстық болғаны ғой... Бірақ неге адал Шегенді сыртқа тепті? Оқырманға оның Жәмихан қайтыс болғандағы туыстығы ғана ұнайды деп санаймын.

Ал Шәзия туралы көп пікірім жоқ. Бүбіш. Оның тек сұлулығы, бала кезіндегі Шегенмен достығы қандай тамаша! Болмаса, оны жағымсыз кейіпкер дер едім. Себебі – Отармен ара-қатынасы, Танатпен де байланысы бар. Тағы бір ойландыратын нәрсе – Отар мен Бүбіш арасындағы күдік рас па, жалған ба? Оған Шегеннің де көзі жетпейді. Сондықтан, «ақыры Бүбіш қандай жанмен қосылды екен? Шеген арадағы күдікті аша алды ма, жоқ па? Күдігі расқа шықса да, оны сүйіп өтер ме екен?» – деген сұрақтар көңілімде қалып қойды. Әлі де мазалап жүр. Студент маған Бүбіштің ең ұнамаған тұсы – оның оқуын жалғастырмағаны. Мүмкін, одан әрі оқыса, мінезі өзгеріп, жағдайы басқаша болар ма еді?... Сіз қалай ойлайсыз, оқырман?

Мәдина ҒАЗИЗОВА,
«Ақпараттық жүйелер» мамандығының
3-курс студенті

«БІР ӨКІНІШ, БІР ҮМІТ» (үзінді)

"Өз әйелімді сүйе тұрып, тағы басқаны ұмыта алмауым, тіпті, сағынуым, бала күннен бірге өскен досымды бар пейіліммен сыйлай тұрып, онымен қырғи қабақ жандармен де жылы сөйлесуім – осының бәрі не қылық, адамгершілік пе, екіжүзділік пе?"

Осы бір сұрақ ойына түскеннен бері, абайсызда өз ұрлығын өзі әшкерелеп алған кісідей, Шегеннің көңілін шытырман күмән жайлады. Ғұмыр бойы ұстанып келген өмірөзек мақсаты кенет кәте болып шыққандай шошыды. Мастығынан айыққан кезде кешегі есінде жоқ кінәлеріне жаза күткен адамша абыржып, қипақтап, әбден берекесі қашты. "Шынында, адамгершілік пе, екіжүзділік пе – қайсысы?" қысылғанынан шекесінен шып-шып суық тері шықты. Осынша қыл алансыз жүріп кеп, ойына бұл сұрақтың тап бүгін түскенін кайтерсін. Жығылған үстіне жұлдырық қосылысын деп, кешегі оқиғадан кейін құды қасқай біреу әдейі ұйымдастырғандай.

Жазушылар одағының жылдық қорытынды жиналысынан Шеген кеше күйзеліп, "амандық болса, ананы жарармын, мынаны жазармын" деген күллі ойларының күлі көкке ұшып кайтқан. "Биыл мақталатын-ақ шығармын", – деп дәмәтіп барғанында, танымайтын-білмейтін біреу болса, тағы бір сәрі, бес жыл бірге оқыған, одан кейін де дәмдес-тұдас жүрген Нұртайдың өйтіп сынауы ол үшін ауыр соққы болды. Апырмай, кемшіліктерін сыпайылап айтып, емеурінмен аңғартса, ол да достық қой, тіпті, достық болмаған күнде де, әйтеуір, жанашырлық, – ендігәрі қалам ұстамастай етейін дегендей, "Тәп-тәуір тілі, қызықты оқиғасы болғанмен, автордың айтқандары адамды иландырмайды. Жалпы, Шегеннің

жазғандарынан замана рухы сезілмейді", – деп тұжырыды. Сын емес, сұмдық үкім. Қайта, қоғамға қарсы адам демегеніне де шүкір.

Айтылған сынның әділетсіздігі ме әлде оны жақын санап жүрген адамның аузынан естігендігі ме – жанына қайсысының батыңқырағанын Шеген салмақтай да алмады. Әлгі сөзді естіген заматта миында бір қопарылыс бүрк ете қалғандай болып, ештенені жүйелеп ойлауға шамасы келмей, тұла бойы қалшылдап кетті. Әлдекім бұрау сап ішек-қарнын бырт-бырт үзгілеп жатқандай: іші біресе ашитын тәрізді, біресе ауыратын тәрізді, әйтеуір, адам түсініп болмайтын азап. Бір жары сыналғанына намыстанып, бір жағы Нұртайды қолма-қол әшкерелеп, өзін өзі қолма-қол ақтай қоятындай амалының жоктығы да долданып, ызаға бұлғытеп тұншығып қала жаздады. Шыр етіп жерге түскелі бері Нұртайдан өткен дұшпаны да, дұшпанының бұдан өткен оңбағаны да болып көргеніне дәл кәзір күмәнсіз көзі жеткен секілді.

Әрі ашу үсті біреулермен ілінісіп қалармын деп, әрі жұртқа қарауға беті де шыдамай, жиналыстан елеусіз ғана шығып кеткенді жөн көрген. Ешкімге қарамай, ешқайда бұрылмай, көнпереніс-залдың есігінен енді шыға бергенінде, әлдекім бүйір жағынан келіп білегінен тартты. Тартқанда да тас қып ұстап тартты. Еріксіз қаратты. Райбек екен. Екеуі есіктен ебіл-себіл қатарласа шықты. Райбек айтатынын есіктен шыққанша-ақ айтып үлгерді:

– Асылып өлуге асығып бара жатқан жоқ шығарсың?

Шеген бір түрлі тіксініп қалды. Не дерін білмей, Райбектің бетіне бажыра қарады. Күлкісі ме, кекесіні ме, кескінінен кісі ештеме түсініп болатын емес: тісінің арасын тілімен тазалап тұрған адамша бір жақ езуін бүлк-бүлк еткізді де қойды – онысы күлгеннен гөрі күлкісін жасырғанға көбірек ұқсады.

Бешті жүргізген әл-Фараби кітапханасының кітапханашы-менеджері Жұлдыз МАНАТБАЕВА

На факультете журналистики подведены итоги VII форума юных корреспондентов

Бақуатты қоғамға менің қосатын үлесім

XXI ғасыр – әр түрлі аурулар мен жаман әдеттер бар уақыт... Осымен қатар жастардың арасында жаман әдеттер таратылып жатыр. Қазіргі заманда әрбір үшінші жасөспірім темекі шегу, алкоголь ішу деген сияқты денсаулықтарына зиян келтіретін әдеттерге тәуелді. Олардың көбісі осындай тәуелділіктердің зияндылықтарын түсінбей, үлкендерге ұқсағысы келіп, өз денсаулықтарын құртады. Сондықтан жасөспірімдер арасында өлім саны өте жоғары болып табылады. Екінішке орай, бұл рас.

Әрине, мемлекетіміздің үкіметі және тұрғындары бұл мәселені қалай болса да шешуге тырысып жатыр: теледидардан жарнамаларда темекі және алкогольдің зияндылығын, бұндай әдеттерді ұстанатын болса нәтижесін көрсетіп

түсіндіреді, темекі қорабында өкпе обырдың суреттері көрсетілген. Бірақ, тіпті осы да көмектеспейді.

Менің ойымша, жастар – мемлекетіміздің тірегі. Қазіргі уақытта Қазақстан дамып келе жатқан мемлекеттердің қатарында. Халықаралық аренада мемлекетімізді жақсы жағынан көрсету үшін жастарымыз білімді, өнерлі және дендері сау болу керек. Яғни, Қазақстанымыздың болашағы жастарымыздың қолында. Оны әрбір қазақстандық түсінугі және салауатты өмір салтын ұстануы қажет деп ойлаймын.

Менің де бұл мәселені шешуге қандай да болса үлес қосқым келеді. Меніңше, жастарға темекі және алкогольдің зияндылығын сөзбен немесе суретпен

түсіндіретін болсақ, еш пайда болмайды. Өйткені бүгінде сөздер оларға ешқалай әсер етпейді. Көбірек шын эксперименттерді өткізіп, барлық нәрсе шын өмірде қалай болатынын көрсету дұрысырақ болады деп ойлаймын. Жастарға спортпен айналасу үшін мүмкіндігінше жағдай жасау керек. Оларды қызықтыру үшін әр түрлі жарыстарды ұйымдастырып, адамдар бір-бірімен танысып, тату және бақуатты қоғам пайда болады.

Бұл мақсатқа қол жеткізуіміз үшін қиын жағдайларда бір-бірімізді қолдап, алдымыздан шыққан кедергілерден сүрінбей өтуіміз керек!

Анастасия ПОПОВА,
халықаралық қатынастар факультетінің
1-курс студенті



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде соңғы үш жылда ректор Ф. Мұтановтың бастамасымен «Айналанды нұрландыр» атты моральдық-этикалық, мәдени-эстетикалық, қоғамдық-әлеуметтік шаралар үздіксіз жүргізіліп келеді. Бұл шаралар студенттердің рухани кемелденуіне зор ықпал етуде.

Отрывок из эссе

◇◇ ОБЩЕСТВО БЛАГОДЕНСТВИЯ ◇◇

...Каким мы представляем себе общество благоденствия? Это обществоразныхправивозможностей, общество справедливости, общество благополучия всех граждан. Наверное, такое общество – заветная мечта философов, государственных деятелей, всех людей, которые жили, живут и будут жить на нашей Земле. Правда, называли его по-разному. Китайский мудрец Конфуций сравнивал его с доброй, хорошей семьей, аль-Фараби мечтал о Добродетельном городе, а итальянец Томмазо Кампанелла придумал Город Солнца. И, наконец, во второй половине XX века возникла теория о государстве всеобщего благоденствия...

...Первая в исламском мире идея общества всеобщего благоденствия родилась в десятом веке на Среднем Востоке. Эта идея принадлежала философу, ученому-энциклопедисту Аль-Фараби, чье имя дано КазНУ. Он написал о своей мечте в «Трактате

о взглядах жителей добродетельного города». Аль-Фараби считал, что целью любой человеческой деятельности является счастье. Не знаю, насколько это реально, но то, что в центре государственного устройства поставлено счастье каждого гражданина, есть проявление высокого гуманизма Аль-Фараби, удивительного в те жестокие времена. В Добродетельном городе все жители счастливы, потому что там господствуют добро и справедливость, осуждаются зло и несправедливость... Аль-Фараби писал о планировке Добродетельного города, строительстве храмов, введении справедливых налогов, о справедливом суде, развитии торговли, регулировании денежного потока, проведении праздников и даже о разделении жителей по видам их деятельности, причем каждый мог выбрать занятие по душе и по силам...

«Добродетельный город подобен здоровому телу. – писал ученый, – все органы которого помогают друг другу, с тем чтобы сохранить жизнь живого существа». Управляют этим городом правитель-философ и люди, у которых есть опыт и знания. На мой взгляд, идеи Аль-Фараби нашли отражение и в европейских концепциях. Например, противопоставление Добродетельного и Невежественного городов. Жители Невежественного города заботятся лишь о своем здоровье, богатстве и разных наслаждениях. Больше тысячи лет назад Аль-Фараби угадал особенности современного общества массового потребления, не правда ли?

Сантьяго де ЛАСАЛА ПОРТА,
студент факультета довузовского образования, магистрант кафедры философии университета Наварры
(г. Памплона, Испания)



Иман жолын оқығын,
Жайнамаз бен құмған тұр.
Сөзін жадқа тоқығын,
Қыбыланда Құран тұр,
Айналанды нұрландыр!
Ғылымнан бір із көрдің,
Ұмтыл алға жылма-жыл.
Ғалым болғын, ізденгін,
Ісің кетпес құрдан-құр,
Айналанды нұрландыр!
Ой бастайтын көсемсің,
Жүзден – жалғыз, мыңнан – бір.
Сөз бастайтын шешенсің,
Жөн тауып айт. Тыңнан тіл,
Айналанды нұрландыр!
Ақын болып жаралдың,
Жүрегінде тұнған жыр.
Адалдықтан нәр алдың,
Шуақ шашып шыңнан бір,
Айналанды нұрландыр!
Дәрігерсің, емшісің,
Еммен елді қуандыр.
Егіншісің, кеншісің,
Дән, алтыннан қырман қыл,
Айналанды нұрландыр!
Етікшісің, аспазсың,
Әр көңілде із қалдыр.
Мұғалімсің, ұстазсың,
Білім отын шын жандыр,
Айналанды нұрландыр!
Сылақшысың, үйшісің,
Әр үйде гүл ырғалдыр.
Әнші, биші, күйшісің,
Жан мейірін мың қандыр,
Айналанды нұрландыр!
Маман болғын барынмен,
Кәсіпінді құнға құр.
Адам болғын арынмен,
Елге қайыр қылған кіл,
Айналанды нұрландыр!
Кәсіпкерсің, іскерсің,
Ажыратқан құннан пұл.
Әлсіз жанға күш берсін
Халыққа іс қылған құл,
Айналанды нұрландыр!
Адам болу – басты арман,
Адамзатқа ұран бұл.
Бір жүректен басталған,
Әр жүрекке нұрлы ән жүр
Айналанды нұрландыр!

Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ

ӨНЕРЛІ ӨРГЕ ЖҮЗГЕН КҮН

НАУРЫЗ АЙЫНДА ІРГЕЛІ ОҚУ ОРДАМЫЗДА «СТУДЕНТТІК КӨКТЕМ – 2015» БАЙҚАУЫ ӨТТІ. ТАЛАНТТЫ ДА ДАРЫНДЫ ЖАС ӨНЕРПАЗДАР «ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550» ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН АКТЕРЛІК ШЕБЕРЛІК ЖӘНЕ ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ӘСКЕРИ ПАТРИОТТЫҚ ӘНДЕРДІ ОРЫНДАУ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ӨНЕРЛЕРІН ОРТАҒА САЛДЫ.

Аталмыш шараларға орай Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры Мендігүл Сағатқызы өз пікірімен бөліскен еді: «Биыл осы «Студенттік көктем» көркем өнерпаздар байқауының Алматы қаласы бойынша 80 жылдық мерейтойы аталып өтті. Бұл шараны ең алғашқы болып біздің университетіміз қолға алғанын ескерсек, оның тарихы да киелі оқу ордамызбен тікелей байланысты екенін аңғарамыз. Ал, енді келесі жылы байқауды өткізуде осы формат сақтала ма дейтін болсақ, оны нақты айта алмаймыз. Себебі, жыл сайын бұл байқауды әр түрлі бағытта, әр түрлі деңгейде ұйымдастырып келеміз. Ең басты мақсаты, әрине, ҚазҰУ өнерпаздарын анықтау».

«Болам деген баланың бетінен қақпа белін бу» дейді қазақ. Осындай қолдау көрсетер оқу ордамыз, бәйгеге қосар жүйріктеріміз тұрғанда киелі шаңырағымыз еліміздегі нағыз білім мен өнердің ордасы екеніндігіне тағы бір мәрте көз жеткіземіз. Жүйріктен жүйрік озған кеште Майра Илиясова, Меруерт Түсіпбаева сынды елімізге танымал өнер жұлдыздарымен қатар, жас әнші-актер Ернар Жұматаев, режиссер Нұрхан Қадірбаевтан құралған қазылар алқасы таланттардың өнерін таразылады.

Нәтижесінде «актерлік шеберлік» бағыты бойынша филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті «Абылай хан» қойылымымен



I-орынды жеңіп алса, Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті «Тақыр, Мамаш, Бұйдаш, Ахмет, Тоғыл хан» қойылымымен II-орынды, география, және табиғатты пайдалану факультеті «Есім хан» қойылымымен III-орынды иеленді.

Ал, патриоттық әндер байқауының қорытындысы бойынша I-орынды «Нам нужна одна победа» әнімен химия және химиялық технологиялар факультетінің студенті Жолдас Ерасыл жеңіп алса, физика-техникалық факультетінің атынан қатысқан «хор» және биология және биотехнология факультетінің студенті Сүйінішәлі Абай II-орынға, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің студенті – Өмірхан Нұрхан мен экономика

және бизнес жоғары мектебінің студенті – Талғат Айбосынов, халықаралық қатынастар факультетінің Мадина Шакирова III-орынға лайық деп танылды.

Жасымас жігер, қажымас қайрат пен талмас талап, жауынгерлік рух бір адамның бойынан табылып жатса нұр үстіне нұр. Елі үшін өміреніп, шейіт болған тағдыры тайқы шешіммен қиылған талай боздақтардың еткен еңбектері мен ерліктерін ұлықтайтын жастардың бар екендігіне ешқашан күмән келтірмейміз.

Элеонора ӘЗІРЖАНОВА,
Жұлдыз ӘБІЛ,
журналистика факультетінің студенттері

Жалғасы. Басы 1-бетте

"СҰҢҚАР" КУБОГЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ



С 7 по 17 апреля в КазНУ проходят II Международные Фарабиевские чтения, посвященные 1145-летию со дня рождения Абу Насра аль-Фараби, 550-летию Казахского ханства, 20-летию Конституции РК и Ассамблеи народа Казахстана, 70-летию Великой Победы. Традиция проведения ежегодных Международных Фарабиевских чтений была заложена в университете прошлым году. Чтения являются открытой площадкой по обсуждению актуальных проблем в научно-образовательной, социально-культурной и других сферах развития общества.

Мероприятия в рамках II Фарабиевских чтений	
7-8 апреля	Форум «Аль-Фараби и современность»
9-10 апреля	Конференция, посвященная 100-летию И. Есенберлина «Национальная идея и проблемы историзма в современной литературе Казахстана»
10 апреля	Панельно-конференция «Современные достижения и перспективы молекулярной биологии, генетики, проточная и 3D-титрирование молекулярной биологии, генетики»
10 апреля	Конференция «Классиком в мировом издательском процессе: традиции Великого Шызықовы и историческая преемственность»
10 апреля	Конференция «Менеджмент качества образования в вузе»
13 апреля	Конференция «Роль физической культуры и спорта в формировании человека и прогрессивном развитии общества»
14 апреля	Семинар «Современные проблемы фундаментальной и прикладной физики»
15 апреля	Конференция «Миссионерство в современном мире»
15 апреля	Панельная сессия «Состояние и перспективы развития «столовой химии» в Республике Казахстан»
13-16 апреля	Конференция студентов и молодых ученых «Фараби аялы»
17 апреля	Торжественная церемония закрытия II Международных Фарабиевских чтений.

ДЕНСАУЛЫҚ

МЕНИНГИТ

Менингит – мидың шырышты және жұмсақ қабының қабынуы, жұқпалы ауру. Менингит ауруын тудыратын себептер бойынша: бактериологиялық, вирусты болып бөлінеді. Ал қабыну жағдайы бойынша іріңді, серозды болып бөліне, басқа аурулардың құлақ, мұрын, бас қуысының жаракаттарының себебінен алғашқы, екінші реттік менингит болып сараланады.

Көп жағдайда менингит ауруының пайда болуына жоғарғы тыныс жолдарының қабынуы да себеп болуы мүмкін.

Бактериологиялық менингит түрлері: Менингококк – мидың қабынуы - желдестасталады, науқас қалшылдап, мазасызданып, қызуы көтеріліп, басы ауырып, жарықтан, шудан қорқып пайда болады, балаларда тырысу-қарысу жиі кездеседі. Менингококкемия – ауру оқыстан басталады, дене қызуы 40С, тіпті одан да жоғарыға көтеріледі, 5-15 сағат аралығында денеде қанды бөртпелер пайда болады, бұл менингит ауруының ең қауіпті түрі тез басталып, шапшаң өрбиді. Бірден қызуы төмендеп, қан қысымы азайып, денеде көтерген бөртпелер пайда болады. Тыныс алуы қиындайды.

Іріңді менингит – ауруын қоздырушы бактериялар (гемофильді таяқша, пневмококк, менингококк, стафилококк.) синусит, остемиелитпен ауырғандармен қарым-қатынаста болған жағдайда бас сүйектің жарылуы салдарынан болуы мүмкін. Пневмококты менингит – көбінесе 30 жастан асқан адамдарда кездеседі, пневмониямен, отитпен, синуситпен, эндокардит аурулары жағдайында дамуы мүмкін.

Серозды менингит – дене қызуы көтеріледі 38-40С, өте қатты бас ауруымен, құсумен, бұлшық еттері ауыруымен, іші өтеді, мазасыздану, аяқ қолдары сіреседі, сандырақтайды. Серозды менингиттің қоздырғыштары Echo және Коксаки энтеровирустары, ауру көздері энтеровирусты науқастар және қоздырғыш тасымалдаушылар болып табылады.

Серозды менингит – қоздырғыш адамға су, көк-өңістер, тағамдар, кір қолдардан жұғалды, көбінесе көздерде, қауыздарда суға шомылғандар арасында тіркеледі.

Серозды менингит 3-6 жас аралығындағы балалар арасында тіркеледі, ересектер өте сирек ауырады, өршу кезеңі – жаз мезгілі.

Менингиттен сақтану тәсілдері:
- әсіресе жас балаларға суға шомылуды мүмкіндігінше азайту;
- көкөністерді, жеміс-жидектерді қайнаған сумен шаю, тазалау жуу;
- жеке бас гигиенасын қатаң сақтау, қолды сабынмен жуу.

Менингит жұқпасымен ауырып қалмауға кеңес: салауатты өмір сүру, дұрыс тамақтану, витаминдер қолдану, дұрыс ұйықтау, шынығу, көп қозғалу, жаман әдеттерден сақ болу. Және көңіл-күйдің жоғары болуы адам ағзасын кез-келген аурудан қорғайтынына сенім білдіреміз.

Г.М. КУМАШЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ денсаулық сақтау бөлімшесінің меңгерушісі,
Н.Қ. ҚАЗЫБАЕВА,
Бостандық аудандық Тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының жетекшісі маманы



“Smart- ізгілік қалашығы” деп аталатын тартысты ойынға филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінен «Таң қалмаңыз» құрамасы, журналистика факультетінен «Біздің құрама», заң факультетінен «Мәке, Бөке, Шөке», философия және саясаттану факультетінен «Әлем.кз» және физика-техникалық факультетінен «ФизТех» командалары қатысып, өнерлерін ортаға салды. Әзілден шашу шашқан көңілді кеште сайысқа түскен командалар бірінен-бірі асып жатты. Тапқырлардың өнеріне Сидней олимпиадасының чемпионы Ермахан Ибрайымов, тележурналист Нартай Аралбайұлы, ҚазҰУ қалашығының директоры

Әбдіқаһар Әнуарұлы, «Керемет» СҚКО директоры Сайра Мұхтарханқызы және Арман Халбеков, Мейрамхан Шалқыбеков, Нұрлан Әбдіқалыров, Айдана Сыдықвалардан құралған қазылар алқасы бағалады. Нәтижесінде үшінші орынды филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің «Таң қалмаңыз» командасы еншілесі, екінші орынды физика-техникалық факультетінен шыққан «ФизТех» командасы қанжығасына байлады. Ал, бас жүлдені журналистика факультетінің «Біздің құрама» командасы иеленіп, жүзден жүйрік шықты. Жарыс жеңімпаздарын университет ректоры Ғалым Мұтанұлы құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Марапаттаулар мен құттықтауларға кезек берілген сәтте «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрағасы Айдана Дәуренқызы “Сұңқар” кубогының биылғы маусымы күз мезгілінен бері жалғасын тауып келе жатқандығын айтты. Сондай-ақ әділ қазылар алқасы командалардың өте жоғары дайындықпен келгенін атап өтті. Бүгінгі заман – өзіне сенімді, арманын жүзеге асыра білетін жастардың заманы десек, оны бүгін ҚазҰУ жастары тағы бір дәлелдеді деген тілек білдірді олар.

Гүлжанат БЕЛАСАР,
Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІГІТ, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №306

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.